

**ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫң  
«САЙРАМ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МҚҚ**

**ХАТТАМАСЫ № 2**

**«30» мамыр 2024 жыл**

**Алаш ауылы.**

Түркістан облысы денсаулық сактау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналық кәсіпорны мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-кимыл туралы заңнама талантарын сактау мәселелері бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Сайрам аудандық орталық ауруханасының басшының орынбасары Б. Турлыбеков торагалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер, ДА, ФАП, МП және аға мед. бикелермен мейірбикелер катысын ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**«Сыбайлас жемқорлықка қарсы күрес және алдын алу мәселесі бойынша»**

**Такырыбы:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы КР Заны (2015 жылғы 18 қарашадагы №410-В КРЗ), Казакстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Казақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-В КРЗ) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы КР-ның Кодексі (2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-В КРЗ).

Сайрам аудандық орталық ауруханасының зангері Д. Умиров өз сөзінде: Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен алеуметтік касірет болып табылатын ол саяси даму түргысынан бір-біріне ұксамайтын алемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да катты аланындағаттыны айқын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Казакстан Республикасының Занында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің қогамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сактау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы түру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қогам куаіпсіздігіне және иғлігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін камтитын касиеті. Ол индивидтің жай гана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі гана емес, сонымен катар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» Зан талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парапорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке карау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қогам болып белсенділік танытуымыз кажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Казакстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек.

Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл туралы» Заңын 1-бабының 5-мақшасына сәйкес мүдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды әратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке ғдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай ағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін рындамауына және (немесе) тиісінше орынданмауына алып келуі мүмкін;

«Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл туралы» Занының 1-бабының 6-армақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды ітқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соган байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сиякты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

«Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл туралы» Заңының 8-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен көлісу бойынша айқындастын тәртіппен сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган мынадай бағыттар:

- 1) мемлекеттік органдар мен үйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын құқықтық және өзге де актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) мемлекеттік органдар мен үйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің үйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлықка карсы іс-кимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуга құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, үйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жонінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар ушін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашууды, тергін-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауга кінәлі адамдарды жауапка тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергін-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған жағдайда азаматтар 1424 тегін call-орталығына конырау шалып, мемлекетке хабарлай алады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаган немесе сыбайлас

кемқорлыққа карсы іс-кимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет коргауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-кимылға жәрдем көрсететін адам туралы акпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген акпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа экеп соғады.

Сондыктан сыбайлас жемқорлықпен куресу барлық Kazakhstan Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп біле отырып, әрбір қазакстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек.

Сайрам аудандық орталық ауруханасының басшының орынбасары Д. Умиров өз сөзінде: Бүгінгі жиналысымыздың маңызды тақырыбының бірі «Сыбайлас жемқорлықпен курес» Сыбайлас жемқорлықпен куресу Kazakhstanның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа карсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Сонын ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондыктан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде когам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет аткаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, заңды қагидаларды теріске шыгарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Казіргі заңда қоғамымызға каяір тондіріп, орасан кесел келтіретін осынау келенсіз алеуметтік құбылыска карсы шараптар қатан колға альынып жатыр. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етепе сінісіп кесел жаткан бұл кеселдің теренинен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тоқсауыл болу-біздің басты міндетіміз деп сөзін аяқтады.

Жоғарыдағы атаптандардың негізінде кортындылай келе, медициналық үйымдардың басшының орынбасарлары мен барлық әкімшілік белімі, болім менгерушілері, ага дәрігерлермен, дәрігерлер, Да.ФАП, МП және ага мед. бикелермен мейірбикелер тікелей жаукершілігімен Kazakhstan Республикасының 2015 жылғы жылғы 18 карашадагы «Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс – кимыл туралы» № 410-V заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырган мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындал, оның көзделген тәртептік шара колдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес жүргізіге міндепті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапшерлік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы екенін айтып, тансытырылды.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап кайтарылды.

Мәжілістің төрагасы:

Б.Тұрлыбеков

Хатшы: САОА заңгері кенесші

Д. Умиров.